

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2023 жылғы 31 мамырда жарияланды

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Ә.А. Смайыловқа**

**Қазақстан Республикасының  
Бас Прокуроры  
Б.Н. Асылыққа**

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

**Құрметті Әлихан Асханұлы!  
Құрметті Берік Ноғайұлы!**

Қазақстан Республикасы су ресурстары шектеулі елдердің бірі болып табылады және экономика секторының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін де, халықты ауыз сумен қамтамасыз ету үшін де судың айтарлықтай тапшылығын бастан кешуде. Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының болжамы бойынша, 2040 жылға қарай Қазақстан қажеттіліктің 50%-ын құрайтын айтарлықтай су тапшылығына тап болады. Ел аймақтарындағы су тапшылығы 2050 жылға қарай жалпы ішкі өнімінің 6%-ға төмендеуіне әкелуі мүмкін.

«Орталық Азия-Қытай» бірінші саммитінде Мемлекет басшысы су ресурстарының маңыздылығы мен оны ұтымды пайдалану мәселесіне аса назар аударды. «Су ресурстарын өзара келісіп, ұтымды пайдалану біз үшін өте маңызды. Суды үнемдеп жұмсауға және жер суаруға қатысты тиімді цифрлық тәсілдерді қолданысқа енгізудің орны бөлек», - деді Қазақстан Президенті.

Қазіргі уақытта жер асты суларының қорын пайдалану, анықтау және растау, өз бетімен ағып жатқан ұңғымаларды жою мәселесі алаңдаушылық туғызуда. Еліміздің ауыз су ресурстарының, әсіресе суы аз Батыс Қазақстанның қорғалу жағдайы ерекше алаңдатады. Бұл Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің тікелей мәселесі.

Сонымен қатар, бұл өңірлерді ауыз сумен қамтамасыз етудің стратегиялық көздерінің бірі – Каспий маңы ойпатының бастауында (Ақтөбе облысының Мұғалжар, Темір аудандары) орналасқан бірегей жерасты суларының «Көкжиде» кен орны болып табылады. Оның сапалық және сандық

сипаттамалары бүкіл Батыс өңірін ең таза сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді (тәуліктік шығыны 200 мың м3 дейін).

Алайда, 2009-2019 жылдар аралығындағы жер асты суларының мониторингі ластаушы заттардың шекті рұқсат етілген концентрациясының жыл сайынғы асып кетуін тіркеді.

Қоршаған ортаны қорғау органдарының мәліметінше, Көкжиде кен орнының айналасында мұнай мен газ өндіруді бірнеше кәсіпорын жүзеге асырады: «СНПС-Ақтөбемұнайгаз», «КМК Мұнай», «Фирма Ада Ойл», «Қазақойл Ақтөбе» және «Урихтау оперейтинг» (300-ге жуық мұнай және газ ұңғымалары бар). Мемлекеттік экологтардың мәліметі бойынша, 2022 жылы Көкжиде кен орнындағы судағы мұнай өнімдерінің мөлшерінің 6 (алты есе) артық болуы тіркелді. Ауыз суда мұнай өнімдерінің пайда болуы жоғарыда аталған компаниялардың қызметімен байланысты екені анық.

Сонымен қатар, Үкіметте Көкжиде жерасты көзінен болашақта Атырау және Маңғыстау облыстарына магистральді су құбырын тарту жоспары бар, оның қазіргі уақытта жоба алдындағы құжаттамасы (техникалық-экономикалық негіздеме және жобалық-сметалық құжаттама) жоқ.

Жұртшылық, азаматтық қоғам өкілдері, Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Көкжиде кен орны шекарасында мұнай өндіруді тоқтатуды талап етті.

Алайда, Ақтөбе облысының экология департаменті 2023 жылы «Көкжиде» жер асты суларының шекарасындағы жер қойнауын пайдаланушылардан мұнай мен газ өндіруді тоқтату жоспарына айырбас ретінде кәсіпорындарға мұнай өндіруге рұқсат берді. Қазіргі уақытта мұнай-газ өндіру ұңғымаларын жою жөніндегі іс-шаралар жоспары әлі де ұсынылмаған.

Ауыз судың бірегей кен орнында мұнайдың бірнеше есе асып түсуі, сондай-ақ мұнай өндірудің су сапасына әсер етуінің жалғасуы Бас прокуратураның шұғыл шаралары мен араласуын талап етеді.

Бұдан басқа, батыс өңіріндегі ең ірі су объектілерінің бірі Жайық өзенінің қайғылы жағдайын да атап өткен жөн.

Бұл мәселе әртүрлі деңгейде бір емес, бірнеше рет талқыланды. «AMANAT» партиясының «Халықпен бірге!» кәзіргі бағдарламасында Жайық өзенінің экожүйесін қалпына келтіруге ерекше назар бөлінген.

Антропогендік әсер, суды бақылаусыз пайдалану, ірі мұнай өндіруші және мұнай өңдеуші кәсіпорындардың технологиялық қажеттіліктер үшін суды қайта өңдеу тәжірибесін пайдаланбауы, жасанды су қоймаларын келісімсіз салу – осының барлығы Жайық өзенінің бассейнін экологиялық жағдайының айтарлықтай нашарлауына ықпал етеді.

Оның үстіне, өзен үшін үлкен қауіп оның саласы Елек өзені болып табылады, ол судың химиялық құрамы бойынша ластану көрсеткіші 7-сыныпты құрайды, яғни «өте лас су» ретінде сипатталады. Оның ластану көздері Ақтөбе хром қосындылары зауыты, Ақтөбе ферроқорытпа зауыты және тағыда басқа бірқатар ірі зауыттар болып табылады. Сондай-ақ, Ақтөбе қаласының ағынды сулары өзенге құйылады, бұл оның қаланың өзінде ластану деңгейін ондаған мың шекті рұқсат етілген концентрацияға дейін жеткізеді.

Осы мәселені шешу үшін Үкіметке бірнеше рет сауалдар жолдағанымызбен, әзірге тиімді шаралар қолға алынбады.

Қазіргі уақытта Жайық өзенін ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің қатарына қосу, кеме жүретін су жолдарында тереңдету жұмыстарын жүргізу сынды өзіміз қайта-қайта көтеріп жүрген мәселелер шешімін таппай отыр. Бүгінгі таңда теңізде балық аулаумен айналысатын балық шаруашылығы субъектілері Жайық өзенінің сағасының бітеліп қалуына байланысты ауланған балықты балық қабылдау пункттеріне тасымалдауда қиындықтарға тап болуда.

Жайық өзенін ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің тізбесіне енгізу шаруашылық қызметті реттеудің ерекше құқықтық режимін енгізуге мүмкіндік береді. Ол өз кезегінде экономика салаларының экологиялық, мәдени және тарихи құрамдас бөліктерімен мүдделері теңдестіруге, шаруашылық қызметін бұзылған аумақтарда су объектілерін ластанудан қорғаудың технологиялары мен инженерлік-технологиялық құралдарын жасауға; Жайық өзенінің бассейнінде орналасқан аймақтарында орналасқан қалаларының жауын-шашын мен еріген қар суынан тереңдете тазарту жүйелерін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде келесіні ұсынамыз:

- «Көкжиде» жер асты сулары кен орнының шекарасында орналасқан мұнай-газ компанияларына олардың табиғатты қорғау заңнамасының талаптарына сәйкестігі мәселесі бойынша кешенді прокурорлық тексеру жүргізу. «Көкжиде» суында ғана емес, сонымен қатар Каспий маңы ойпатының басқа да жерасты көздерінде мұнай өнімдерінің мөлшерінің артық болуына әкелетін себептерді анықтау;

- Жайық өзенін ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің қатарына қосу, өйткені ол қоршаған орта мен өңір экономикасына басым әсер етеді, сондықтан шаруашылық қызметті реттеудің ерекше құқықтық режимін талап етеді;

- Жайық өзенінде тереңдету жұмыстарын жүргізуге қаражат бөлу мәселесін тез арада шешу;

- Жайық-Каспий бассейніндегі су шаруашылығы жағдайын жақсарту бойынша қабылданып жатырған нақты шаралар туралы толық ақпарат беру.

Ақпаратты заңда белгіленген мерзімде беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,  
Қазақстан Республикасы  
Парламент Мәжілісінің депутаттары  
«АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшелері**

**Д. Тұрғанов  
С. Пономарев**

Орынд.: Әбуов А.  
Тел.: 74-64-34

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

Оглашен 31 мая 2023 года

**Премьер-Министру  
Республики Казахстан  
Смаилову А. А.**

**Генеральному Прокурору  
Республики Казахстан  
Асыллову Б. Н.**

## ДЕПУТАТСКИЙ ЗАПРОС

**Уважаемый Алихан Асханович!  
Уважаемый Берік Ноғайұлы!**

Казахстан является одной из стран с ограниченными водными ресурсами и испытывает значительный дефицит воды как для удовлетворения потребностей экономического сектора, так и для обеспечения населения питьевой водой. По прогнозам ПРООН, к 2040 году Казахстан столкнется со значительным дефицитом воды, составляющим 50% от потребности. Дефицит воды в регионах страны может привести к сокращению ВВП на 6% к 2050 году.

На первом Саммите «Центральная Азия - Китай» Глава государства акцентировал внимание на важности водных ресурсов и их рациональном использовании. «Для всех нас первостепенное значение приобретают согласованные и рациональные подходы к использованию имеющихся водных ресурсов. На этом фоне важно последовательно внедрять эффективные цифровые решения по водосбережению и ирригации», - подчеркнул Президент Казахстана.

В настоящее время беспокойность вызывает вопрос использования, выявления и подтверждения запасов подземных вод, ликвидации самотечных скважин. Особую тревогу вызывает состояние защищенности питьевых ресурсов страны, особенно маловодного Западного Казахстана. Это прямой вопрос национальной безопасности Республики Казахстан.

Так, одним из стратегических источников питьевого водообеспечения этих регионов является уникальное месторождение подземных вод «Кокжиде», которое находится у истоков Прикаспийской впадины (Мугалжарский, Темирские районы Актюбинской области). Его качественные

и количественные характеристики позволяют снабжать чистой водой весь Западный регион (суточный дебит до 200 тыс. м<sup>3</sup>).

Однако мониторинг состояния подземных вод с 2009 по 2019 годы фиксировал ежегодные превышения предельно допустимой концентрации загрязняющих веществ.

По информации органов экологии, в контуре месторождения «Кокжиде» нефтегазодобыча осуществляется несколькими предприятиями: АО «СНПС-Актобемунайгаз», ТОО «КМК Мунай», ТОО «Фирма Ада ойл», ТОО «Казахойл Актобе» и ТОО «Урихтау оперейтинг» (там имеются около 300 нефтегазовых скважин). По данным государственных экологов, в 2022 году зафиксировано уже 6 (шестикратное) превышение содержания нефтепродуктов в воде из месторождения «Кокжиде». Очевидно, что появление нефтепродуктов в питьевой воде связано с деятельностью вышеуказанных компаний.

Вместе с тем Правительство имеет планы по строительству магистрального водовода от подземного источника «Кокжиде» до Атырауской и Мангистауской областей, на который в настоящее время предпроектная документация (ТЭО и ПСД) отсутствует.

Общественность, представители гражданского общества, министр экологии, геологии и природных ресурсов неоднократно поднимали вопрос необходимости приостановления добычи нефти в пределах границы месторождения «Кокжиде».

Однако департамент экологии Актыбинской области выдал разрешение на нефтедобычу в 2023 году предприятиям в обмен на планы по прекращению добычи нефти и газа от недропользователей, находящихся в пределах границ подземных вод Кокжиде. На данный момент планы мероприятий по ликвидации добывающих нефтегазовых скважин не представлены.

Многokратное превышение содержания нефтепродуктов в уникальном месторождении питьевой воды, а также продолжающееся влияние нефтедобычи на качество воды требует принятия срочных мер и вмешательства Генеральной прокуратуры.

Кроме того, необходимо отметить плачевное состояние еще одного крупнейшего водного объекта Западного региона - реки Жайык.

Этот вопрос уже не раз обсуждался на различных уровнях. Отдельное внимание восстановлению экосистемы реки Жайык уделено и в предвыборной программе партии «AMANAT» «Вместе с народом!».

Антропогенное воздействие, бесконтрольное использование воды, неприменение практики вторичного использования воды на технологические нужды крупными нефтедобывающими и нефтеперерабатывающими компаниями, несогласованное строительство искусственных водоемов – все это способствует значительному ухудшению экологического состояния бассейна реки Жайык.

Более того, большую опасность для реки несет в себе ее приток – река Елек, которая по химическому составу воды имеет индекс загрязнения 7 класса, то есть характеризуется как «вода чрезвычайно грязная». Источниками же ее загрязнения является ряд крупных заводов, таких как Актыбинский завод хромовых соединений, Актыбинский завод ферросплавов и другие. Также в реку сбрасывают сточные воды г. Актобе, что доводит уровень ее

загрязнения в самом городе до десятков тысяч предельно допустимой концентрации.

Нами неоднократно направлялись запросы в Правительство по решению данной проблемы, но действенных мер до сегодняшнего дня принято не было.

Нерешенными в настоящее время остаются и такие, неоднократно поднятые нами вопросы, как включение реки Жайык в перечень водных объектов особого государственного значения, проведения дноуглубительных работ на судоходных водных путях. Сегодня субъекты рыбного хозяйства, осуществляющие промысел на море, испытывают трудности при транспортировке выловленной рыбы к рыбоприемным пунктам в следствие заиленности устья реки Жайык.

Включение реки Жайык в перечень водных объектов особого государственного значения позволит ввести особый правовой режим регулирования хозяйственной деятельности. Это даст возможность определить баланс интересов отраслей экономики с экологическими, культурными и историческими составляющими, создать технологии и инженерно-технологические средства защиты от загрязнения с территорий, нарушенных хозяйственной деятельностью, разработать системы и мероприятия по охране от стоков и системы глубокой очистки дождевых и талых вод городов, расположенных в бассейне реки Жайык.

На основании вышеизложенного предлагаем следующее:

- провести комплексную прокурорскую проверку нефтегазовых компаний, расположенных в пределах границ месторождения подземных вод «Кокжиде», по вопросу соблюдения ими требований экологического законодательства, выявить причины, влекущие превышение содержания нефтепродуктов не только в воде «Кокжиде», но и в других подземных источниках Прикаспийской впадины;

- включить реку Жайык в число водных объектов особого государственного значения, так как она оказывает доминирующее влияние на окружающую среду и экономику региона, и поэтому требует особого правового режима регулирования хозяйственной деятельности;

- в кратчайшие сроки решить вопрос выделения финансовых средств для проведения дноуглубительных работ на реке Жайык;

- предоставить полную информацию о конкретных принимаемых мерах по улучшению водохозяйственной ситуации в Жайык-Каспийском бассейне.

Информацию прошу предоставить в установленный законодательством срок.

**С уважением,  
Депутаты Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
члены фракции партии «AMANAT»**

**Д. Турганов  
С. Пономарев**